

Көшеге ат қою туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы әкімдігі Қоғам ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 1 шілдедегі N 44 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 10 тамызда N 14-9-118 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік – аумақтық құрылысы туралы» Заңының 14 бабының 4) тармақшасына және ауыл тұрғындарының 2010 жылғы 27 мамырдағы жалпы жиналысының хаттамасы негізінде **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. Қоғам ауылындағы аты жоқ көшеге Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері Қалкөз Қайназарұлы атауы берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау ауыл округінің бас маман – іс басқарушысы Ж.Зернабиевке жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Ауыл округінің әкімі

А.Темірбеков